ALIKHAN BOKEIKHAN UNIVERSITY
Гуманитарлық факультет
Педагогика және психология кафедрасы

# ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

6В01201 – «МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛЕУ»
Түскен жылы – 2023

**Семей 2023 ж.**

Факультеттің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қарастырылып бекітілді
Хаттама №5 от «23»05.2023 ж

Факультет ОӘК төрағасы________________________

Университеттің Оқу-Әдістемелік Кеңесінде бекітілді
Хаттама №5 от «25»05.2023 ж

Университет ОӘК төрағасы ___________________

**Берілетін дәреже: 6В01201 "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу" білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры**
**Білім беру бағдарламасы: 6В01201- "Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу"**

| таңдау компоненті нің № | Пәннің немесе модульдің атауы | Креди т саны | Пререквизи ттер | Постреквизит тер | **Зерттеудің мақсаты, қысқаша мазмұны және күтілетін нәтижелері көрсетілген қысқаша сипаттама (білім, білік, дағды, құзыреттілік)** |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | Бұл пән қоғамның экономикалық |
| **БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР** | | | | | |
| **Таңдау бойынша компоненттер (ТК)** | | | | | |
| **1** | Мектеп жасына дейінгі баланың психологиялық -педагогикалық диагностикасы | 3 | Психология | Мектепке психологиялық дайындық | **Пәнді оқыту мақсаты:** балаларды психологиялық-педагогикалық зерттеу және дамыту дағдыларын қалыптастыру, тікелей өзара әрекеттесу процесінде де, байланыссыз зерттеу негізінде де жеке тұлға туралы ақпаратты алудың және түсіндірудің тиімді практикалық тәсілдерін үйрету. **Пәннің қысқаша мазмұны:** бұл пәнді оқу барысында психодиагностикалық құралдардың жіктелуі, тесттерді құру және бейімдеу технологиясы, психодиагностикалық әдістер мен психодиагностикаға қойылатын талаптар қарастырылады. Мектепке дейінгі мекемеде психологиялық-педагогикалық диагностиканы қолдану технологиясы көрсетілген. Психодиагностиканың этикалық және кәсіби мәселелері айқындалады. **Күтілетін нәтижелер:** **Білу керек:** психологиялық - педагогикалық диагностиканың теориялық - әдістемелік негіздерін, мектепке дейінгі балалардың дамуын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | зерттеуді ұйымдастыру, қазіргі заманғы тәсілдермен әдістемелік қамтамасыз ету және баланың жеке басын зерттеудің негізгі психодиагностикалық әдістерін, психологиялық білім мен әдістер жүйесіндегі диагностиканың орны, рөлі мен маңызын, психодиагностикалық зерттеу мен жүргізудің негізгі теориялық-әдіснамалық және этикалық принциптерін<br>**Іскерлік:** мектеп жасына дейінгі балалардың дамуына психологиялық - педагогикалық зерттеу жүргізу; психологиялық-педагогикалық диагностиканың нәтижелерін өңдеу және талдау; диагностика негізінде түзету-дамыту жұмысының жолдарын анықтау.<br>**Дағды:** баланың психикалық дамуына байланысты диагностикалық әдістерді таңдау жасай алуға; әдістемелерді пәннің жас ерекшеліктеріне бейімдеу; алынған мәліметтерді бала дамуының жалпы көрінісіне қосу мақсатында психологиялық-педагогикалық зерттеу нәтижелеріне сандық және сапалық талдау жүргізуді дағдылау; диагнозға сүйене отырып, түзету жұмыстарының жолдарын анықтау білімдерін дамыту; ата-аналар мен тәрбиешілерді балалармен түзету-тәрбие жұмысы бойынша кеңестер өткізуге дағдыларын дамыту.<br>**Құзыреттілігі:** Арнайы құзыреттілік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **1** | Балалардағы тұлға және тұлғааралық қарым-қатынас диагностикасы | 3 | Жас ерекшелік психологиясы | Ойын психологиясы | **Пәнді оқытудың мақсаты:** студенттердің психологиялық дайындығын күшейтуге; мектеп алды даярлық тобындағы балалардың жеке адамдық өзіндік адамгершілік, әлеуметтік, психологиялық қырларын ашып, саналы іс-әрекет иесі және қоғам мүшесі ретінде жан-жақты сипаттайтын теорияларға сүйене отырып, диагностикалық жұмыстарды жүргізу білімдерін дамыту.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны**:<br>Бұл пән мектеп жасына дейінгі балалардың жеке басының ерекшеліктері мен тұлғааралық қатынастарын, қарым-қатынас дағдыларын, мәдениетін, психологиялық дамудың әртүрлі деңгейлерін қалыптастыруға, сана-сезімі мен өзін-өзі тануын қалыптастыруға, сондай-ақ қарым-қатынас процесінде бір-бірімен өзара әрекеттесуін зерттеуге бағытталған.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу керек:** пәннің негізгі ұғымдары мен категориялық аппараты; балалардың тұлғалық және тұлғааралық қатынастарды диагностикалау әдістері;<br>мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалық дамуының психологиялық ерекшеліктері.<br>**Іскерлік:** мектеп алды даярлық тобындағы балалардың тұлғалық дамуын психологиялық-педагогикалық зерттеуді жүргізу; мектеп алды даярлық тобындағы балалардың психологиялық-педагогикалық диагностиканың нәтижелерін өңдеу және талдау; диагностика негізінде түзету-дамыту жұмыстарының жолдарын анықтау<br>**Дағды:** мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс жасауда психодиагностикалық құралдарды қолдану; алынған психодиагностикалық деректерді өңдеу және түсіндіру.<br>**Құзыреттілігі:** Арнайы құзыреттілік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2** | Этнопедагогика | 6 | Педагогика | Педагогика тарихы | **Пәнді оқу мақсаты:** Қазақстан этнопедагогикасының жалпы негіздерін зерделеу негізінде студенттердің педагогикалық дүниетанымын, педагогикалық мәдениетін және жалпы кәсіптік құзыреттілігін қалыптастыру жалпы мәдени құндылықтарды игеруге, этностық мәдениеттерді шығармашылық өзара байытуға, Қазақстан Республикасында тұратын әрбір этностың дамуын ынталандыруға бағытталуы тиіс.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны::**<br>Бұл пән студенттерде Қазақстан этнопедагогикасының жалпы негіздерін, ҚР этностарының мәдениеті мен дәстүрлері туралы білімді, сондай-ақ мекемелердің тәрбие қызметінің практикасына этнопедагогика материалдарын енгізудің негізгі жолдарын, әдістерін, нысандары мен құралдарын түсінуді зерделеу негізінде педагогикалық дүниетанымын, педагогикалық мәдениетін және жалпы кәсіптік құзыреттілігін қалыптастырады.<br>**Күтілетін нәтиже**<br>**Білу керек:** халықтық педагогиканың құралдары, факторлары, әдістері мен функцияларының мазмұны және оларды оқу-тәрбие процесінде қолдану.<br>**Іскерлік:** халық педагогикасының әртүрлі тұжырымдамаларын сыни және шығармашылық тұрғыдан түсіну, нақты этнопедагогикалық материалды талдау; халықтық-педагогикалық құбылыстарды өз бетінше түсіндіру; әртүрлі этностардың халықтық тәрбиесінің прогрессивті дәстүрлерін талдау, салыстыру және бағалау; |
| | | | | | педагогикалық міндеттерді шешуде этнопедагогикалық білімді іс жүзінде қолдану.<br>**Дағды:** этнопедагогикалық тұжырымдамалар мен халықтық педагогиканың оқу-тәрбие процесіндегі рөлін түсіну және білімін көрсету.<br>**Құзыреттері:** Жалпы кәсіптік құзыреттілік. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **2** | Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі ХАШ көркемдік құралдары | 6 | Педагогика | Ерте балалық жастағы педагогика | **Пәнді оқу мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудегі ХАШ көркемдік құралдары арқылы педагогикалық білімді, білік пен дағдыны қалыптастыру, халық ауыз шығармашылығымен танысу арқылы студент тұлғасының көркемдік шығармашылығын дамыту<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>Бұл пән баланың халық ауыз шығармашылығына, мінез-құлық ережелері мен моральдық нормаларды қамтитын халықтық педагогика құралдарына деген қызығушылығын дамыту<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу керек:** мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеуде көркемдік құралдарды дамыту проблемасы; мектепке дейінгі мекемелерде оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруда ауызша халық шығармашылығының рөлі.<br>**Іскерлік:** мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде ауызша халық шығармашылығының көркемдік құралдарын іс жүзінде қолдану<br>**Дағды:** оқу-тәрбие процесінде ауызша халық шығармашылығының көркемдік құралдарын қолданудағы білім мен практикалық дағдыларды көрсету.<br>**Құзыреттері:** Арнайы құзыреттілік. |
| **3** | Балалар психологиясы бойынша практикум | 6 | Психология | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәннің оқу мақсаты:** балалардың психикалық дамуының жетекші заңдылықтары, даму кезеңдері, психологиялық жаңа құрылым туралы түсініктерін қалыптастыру және және психологиялық зерттеу әдістерін жүргізу іскерліктерін дамыту<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>қазіргі білім беру саласында балалар психологиясы бойынша практикум пәні |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | негізгі курс болып келеді, оның мақсаты жасерекшелік практикумның негізгі әдістерімен, олардың қолданатын түрлерімен, классификациясымен, ерекшеліктерімен психолог студенттерді таныстыру және эксперименталды жұмыстардың психологиялық заңдарының ғылыми зерттеуінің негізгі дағдыларын қабылдау. Осы курста балалар психологиясы практикумының негізді әдістері туралы, психомоторикалық жұмыстарды ұйымдастыру әдістері, когнитивті дамуды диагностикалау әдістері туралы білім алады; зерттеудің мақсатына сәйкес әдісті іріктей алу дағдылары қалыптасады<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу керек**: балалар психологиясының әдістері және психикалық даму заңдылықтары туралы, өзін-өзі тану, мінез-құлық мотивтері, ерік-жігер, эмоциялар мен сезімдер), баланың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынасын, танымдық процестерді (зейін, сөйлеу, қабылдау, есте сақтау, қиял, ойлау) зерттеу, практикалық және эксперименттік отандық және шетелдік психологтардың тәжірибесі, балалардың психикалық дамуы.<br>**Іскерлік:** балалар психикасының көрінісін анықтау және талдау; балалармен тәрбие-білім беру жұмысында жас және жеке ерекшеліктерін ескеру; МДМ ұжымымен, отбасымен жұмыс жүргізу ерекшеліктеріне дағдылану; топтық және тұлғааралық өзара әрекеттестік процесін тиімді басқара алу; өзара түсінушілік және бірлескен қызмет негізінде сенімді қатынас құра білу<br>**Дағды:** балалар психологиясы бойынша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау; мектеп жасына дейінгі балалардың психологиясы саласындағы педагогикалық қызметті жоспарлау және талдау; жоспарларды, сабақ конспектілерін, балалармен ойындарды ресімдеу; ата-аналармен және педагогикалық ұжыммен жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жасау бойынша материалдарды ресімдеу<br>**Құзыреттілігі:** Арнайы құзыреттілік. |
| **3** | МДМ-дегі Арт-теапия | 6 | Психология | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** Арт-терапияның негізгі ұғымдары, әдістері, заманауи тенденциялары, тұжырымдамалары, түрлерімен таныстыру және білім алушының кәсіби тәжірибесін жетілдіру;<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Осы курсты оқу барысында білім алушылар арт-терапияның түрлері және формаларымен, олардың түзету-терапиялық ықпалының ерекшеліктерімен танысады. Арт-терапияның теориялық және әдіснамалық мәселелері, арт-терапиялық әдістемелерді қолдана отырып, МДМ-де жұмысты ұйымдастыру қарастырылады. Арт-терапияның әртүрлі техникаларын қолдану дағдылары мен іскерліктері қалыптасады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білуі керек:** арт-терапияның негізгі түрлері, формалары және заманауи үлгілерін; арт-терапияның мақсаты; міндеттері және негізгі әдістерін; арт-терапияны мектеп жасына дейінгі мекеме қызметінде қолдану әдістемесін; психологиялық көмек көрсетудің қажетті шарттары және консультациялық байланыс орнату және қолдау құралдары; арт-терапевттің жеке қасиеттеріне, білімі мен тәжірибесіне қойылатын талаптарды, теориялық-әдіснамалық тәсілдер және қазіргі даму үрдістерін<br>**Іскерлік:** мектепке дейінгі мекеме қызметінде арт-терапияны қолданумен байланысты кәсіби қызметті ұйымдастырудың типтік мәселелерін шеше алу, арт-терапияның негізгі әдістерін тиімді пайдалану, психотерапиялық байланыстарды құру және қолдау, жүйелі бақылауды жүзеге асыру, мақсатты белсенді және эмпатикалық тыңдау,қиын өмірлік жағдайға тап болған адамға эмоционалды қолдау көрсету, арт-терапияның психотехникасын қолдану кезінде адамның психикалық жұмысын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | оңтайландыру үшін психологиялық әсер ету, арт-терапия әдістерін қолданатын психологиялық кеңес берудің әртүрлі мектептерінің теориялық-әдіснамалық тәсілдерін талдай білу.<br>**Дағды:** мектепке дейінгі мекеме қызметінде арт-терапияны қолдана отырып, қарым-қатынасты орнатудың және қолдаудың маңызды құралдарын, мектепке дейінгі мекемедегі психологиялық қызметте психикалық жай-күйді эмоциялық және когнитивті реттеудің арт-терапиялық әдістерімен жүргізу; тұлғаның шығармашылық әлеуетін белсендірудің арт-терапиялық тәсілдерімен және техникасымен<br>**Құзыреттілігі:** Арнайы құзыреттілік. |
| **4** | Отбасы педагогикасы және психологияс | 5 | Педагогика | Әлеуметтік педагогика | - **Пәнді оқу мақсаты:** Студенттерде отбасы педагогикасы мен психологиясындағы ғылыми білім мен практикалық қызмет саласы туралы, оның зерттеу объектісі мен пәні және негізгі категориялары туралы түсініктерін қалыптастыру,<br>- отбасылық қарым-қатынас мәселелері бойынша психологиялық-педагогикалық білімдерін жүйелеу;<br>- отбасымен жұмыс жасауда педагогикалық-психологиялық дағдыларды қалыптастыру, отбасы тәрбиесіндегі мәселелерді анықтап, оларды шешу жолдарын көрсету.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>Бұл пән жеке тұлғаны қалыптастырудың әлеуметтік институты ретінде отбасының жетекші рөлін ашып көрсетеді. Тарихи аспектіде отбасылық тәрбиенің өзекті мәселелері мен ерекшеліктерін, отбасына психологиялық-педагогикалық көмек көрсетудің әртүрлі формаларына сай инновациялық тәсілдерді қарастырады. Сондай - ақ қазіргі кезеңдегі отбасы тәрбиесінің болашағы мен психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін қарастырады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>3 **Білу керек**: тұлғаны дамыту заңдылықтарымен тұлға қасиеттерінің көрінуін; мектепке дейінгі білім беру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ұйымдарында педагогикалық процесс мазмұнымен ұйымдастыру ерекшеліктерін; оқытумен тәрбие әдістерімен құралдары; формалары және оларды қолданудың педагогикалық-психологиялық мүмкіндіктерін; отбасының өмірлік циклінің әртүрлі кезеңдеріндегі функционалдық - рөлдік құрылымының қалыптасу және даму заңдылықтарын; мектеп жасына дейінгі бала және ата-ана қарым-қатынасының психологиялық ерекшеліктерін; ғылым және практикалық қызмет саласы ретінде отбасы педагогикасы мен психологиясының мәселелерін; отбасына психологиялық-педагогикалық кеңес берумен көмек көрсетудің жолдарын.<br>**Іскерлік:** оқытумен тәрбиені ұйымдастырудың түрлі әдістерімен тәсілдерін; әдістемесінің психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін анықтауды; педагогикалық қызметті, педагогикалық фактілермен құбылысты талдау; диагностикалық құралдарды кәсіби түрде таңдау; отбасылық психотерапия әдістерінің бағыттарын талдау; отбасылық қатынастарды диагностикалау әдістерін тәжірибеде қолдану; отбасы мен оның жекелеген мүшелеріне психологиялық кеңес беруді жүргізу; отбасымен қарым-қатынас жасауды жүзеге асыру.<br>**Дағды:** мектеп жасына дейінгі балаларды психолого-педагогикалық сүйемелдеумен қолдауды жүзеге асыру жолдарын; психологиялық-педагогикалық зерттеу әдістерін; отбасылық тәрбие мәселелерін диагностикалау; олардың себептерін анықтау және оларды шешу жолдарын іздеу дағдыларын; отбасы туралы қазіргі психологиялық білімдердің негізгі принциптері мен алгоритмдеріне сүйене отырып, отбасы жағдайын талдау; кеңес беруге байланысты практикалық мәселелерді шешу; ата-аналарға психологиялық – педагогикалық көмек көрсету; өзара әрекеттестіктің түрлі формаларын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жоспарлау және өткізу.<br>**Құзыреттілігі:** Жалпы кәсіптік құзіреттілік. |
| **4** | Отбасылық өмірдің психологиясы мен этикасы | 5 | Педагогика | Ерте және мектеп жасына дейінгі балаларды әлеуметтендіру | **Пәнді оқу мақсаты:** білім алушыларды отбасылық өмірдің психологиясы және этикасына қатысты қазіргі заманғы психологиялық педагогикалық ғылымның өзекті мәселелерімен таныстыру<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** бұл пән отбасы туралы теориялық білімді әлеуметтік институт ретінде қалыптастырады, дәстүрлі мәдениеттегі некенің моральдық нормаларымен таныстырады, жасөспірімдер мен қыздар арасындағы қарым-қатынас негіздерімен, отбасындағы адамдардың әртүрлі әлеуметтік рөлдері туралы түсініктерді дамытады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу керек:** отбасы психологиясы мен этикасының әдіснамалық негіздерін және баланың психологиясына отбасының әсерін; отбасын зерттеу әдістерін; отбасы психологиясы мен этикасының өзекті мәселелерін<br>**Іскерлік:** отбасылық мәселелерге қатысты психологиялық әдістемелерді жүргізу, этикалық нормаларды қалыптастыру<br>**Дағды:** психодиагностика, кеңес беру және отбасымен түзету, дамыту жұмыстарын жүргізу<br>**Құзыреттілігі:** Жалпы кәсіптік құзіреттілік. |
| **5** | Мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынасын және коммуникативтік құзыреттілігін дамыту | 5 | Жас ерекшелік психологиясы | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** мектеп жасына дейінгі балалардың қарым-қатынасы және оның бала дамуындағы рөлі, балалардың бойында коммуникативтік құзіреттілікті тиімді дамыту туралы ғылыми түсініктерін жетілдіру<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән қабілеттерді, білімді, дағдыларды, қатынастарды, бастамаларды және өзгелерді түсіну үшін қажетті тұлғаның коммуникативтік тәжірибесі және сөйлеу мінез-құлқының өзіндік бағдарламаларын шығару<br>қарым-қатынас мақсаттары, салалары, жағдайлары; басқа сөйлеу субъектілерімен белсенді өзара әрекеттесуін зерттеуге бағытталған. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | **Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу:**мектеп жасына дейінгі балаларға қажетті қарым-қатынас жасау заңдылықтарын, оның өзіне тән ерекшеліктерін, коммуникативтік құзіреттілікті меңгеру жолдарын<br>**Іскерлік:** мектеп жасына дейінгі балалардың жас және дара ерекшеліктеріне сай позитивті қарым-қатынасты ұйымдастыру<br>**Дағды:** балалар арасында қарым-қатынас орната білу және коммуникативтік құзіреттіліктіктерін дамыту бағытындағы жұмыстарды меңгеру<br>**Құзыреттілігі:** Арнайы құзыреттілік |
| **5** | Балалардың іс-әрекеті мен өзара әрекеттесуін ұйымдастыру | 5 | Жас ерекшелік психологиясы | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқыту мақсаты:** мектепке дейінгі жастағы балалардың бірлескен іс-әрекетін ұйымдастырудың теориялық тұғырлары туралы түсінік қалыптастыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>бұл пән мектеп жасына дейінгі балалардың ынтымақтастығын дамытудың мүмкіндіктері мен жағдайларын, олардың негізгі іс-әрекеттерді ұйымдастырудағы өзара әрекеттесу тәсілдерін қарастырады, балалардың бір-бірімен бірлескен іс-әрекеттерінің эгоцентризмді жеңуге және жеке іс-әрекеттегі баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпалын анықтайды.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу:** мектеп жасына дейінгі балалардың ерекшеліктерін; мектеп жасына дейінгі балалармен бірлескен іс-әрекетті ұйымдастыруды; құрдастарымен қарым-қатынасы және мектеп жасына дейінгі балалардың өзара әрекетін<br>**Іскерлік:** айналасындағы балалармен және ересектермен өзара іс-әрекет қарым-қатынас және ынтымақтастық орнату<br>**Дағды:** құрдастарымен және ересектермен белсенді қарым-қатынас жасау; әртүрлі іс-әрекеттерде ойында, қарым-қатынаста, танымдық зерттеу іс-әрекетінде бастамашылдық пен дербестікті игеру<br>**Құзыреттілігі:** Арнайы құзыреттілік |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **6** | Қазіргі педагогикалық жүйелер | 6 | Педагогика | Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру және басқару | **Пәнді оқытудың мақсаты:** педагогикалық жүйелер аймағындағы педагогтың практикалық әрекетінің ғылыми негіздерімен студенттерді қаруландыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән педагогикалық жүйелердің әртүрлі түрлерімен, олардың тарихи қалыптасуы мен педагогикалық құндылығымен, сондай-ақ оларды қолданудың ерекшеліктерімен, мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеудің және оқытудың қазіргі кезеңінде танысуға бағытталған.<br>**Білу керек:**педагогикалық жүйелердің мазмұны мен түсініктері және олардың мектепке дейінгі білім берудегі даму тарихы; мектепке дейінгі мекеменің тәрбие жұмысында педагогикалық жүйелерді қолдану ерекшеліктері<br>**Іскерлік:** мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиенің тиімді әдістерін жіктеу; педагогикалық жүйелер туралы ғылыми білімді қолдану<br>**Дағды:** оқу-тәрбие жұмыстарды ұйымдастыруда педагогикалық жүйелерді дұрыс қолдану<br>**Құзыреттілігі:** Жалпы кәсіптік құзіреттілік. |
| **6** | Мектепке дейінгі білім беруде инновациялар | 6 | Педагогика | Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен серіктестік қарым-қатынас | **Пәнді оқыту мақсаты:** мектепке дейінгі ұйымдарда білім беруде әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу,жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау<br>**Пәннің қысқаша мазмұны**: бұл пән білім беру эволюциясы үшін перспективалы болып табылатын бастамалар *мен* инновациялардың әртүрлілігі негізінде туындайтын маңызды жаңалықтарды қарастырады, оқытудың барлық нысандары мен әдістерінің дамуына оң әсер етеді<br>**Күтілетін нәтижелер***:*<br>**Білу керек:** білім беру жүйесін дамытудың заманауи тенденциялары; білім беру процесінің инновациялық критерийлері; білім алушыларды тиімді ынталандыру үшін жағдай жасау мақсатында педагогикалық процестегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | инновациялық тәсілдер.<br>**Іскерлік:** мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің инновациялық әдістерін қолдану, мектепке дейінгі мекемедегі педагогикалық қызметтің нәтижесіне тиімді қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін тәрбиешілер мен тәрбиеленушілердің өзара әрекеттесуінің жаңа тәсілдері, әдістері.<br>**Дағды:** мектепке дейінгі мекеменің оқу-тәрбие процесінде оқытудың инновациялық әдістерін қолдану және білім беру технологияларын бақылау дағдыларын көрсету.<br>**Құзыреттілігі:** Арнайы құзыреттілік. |
| **7** | Мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиеші жұмысының ерекшеліктері | 5 | Тәрбие жұмысының теориясымен әдістемесі | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқыту мақсаты:** мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиешінің жалпы ерекшеліктері негізінде студенттердің кәсіби шеберлігін жан-жақты арттыруға және балалармен жүргізілетін білім беру және тәрбие жұмыстарын жүйелі ұйымдастыруға қажетті білім, білік, дағдыларын қалыптастыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пән мектепке дейінгі мекемелер мен мектепалды даярлық сыныптарына баратын 5-7 жастағы балаларды мектепке дайындау ерекшеліктерін зерделеуге бағытталған, ол сауаттылыққа оқытумен қатар едәуір дәрежеде ойынды, бейнелеу және музыкалық әрекетті, қозғалыс белсенділігін көздейді, бұл баланың жалпы дамуына және мектепте одан әрі оқуға деген қызығушылығына ықпал етеді.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу керек:** мектепалды даярлық топтарындағы балалардың қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, мектепке дейінгі білім беру кезеңінде балаларды оқыту; тәрбиелеу және дамыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері; мектепке дейінгі дайындық топтарындағы тәрбиеші жұмысының құрылымы мен мазмұны<br>**Іскерлік:** балаларды мектепалды даярлауда мұғалімге қажетті құжаттаманың әртүрлі түрлерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әзірлеу; мектепалды топтардың балалары үшін оқыту әдістері мен тәсілдерін қолдану.<br>**Дағды:** мектепалды даярлық топтарындағы тәрбиешілерінің педагогикалық шеберлігін жетілдіруге мүмкіндік беретін балалардың танымдық іс-әрекетін ұйымдастыру<br>**Құзыреттер:** Арнайы құзыреттілік. |
| **7** | Мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогының білім беру үрдісіне қатысушыларм ен кәсіби өзара әрекеті | 5 | Тәрбие жұмысының теориясымен әдістемесі | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәннің оқыту мақсаты** мектепке дейінгі білім беру ұйымы педагогының білім беру үрдісіне қатысушылармен кәсіби өзара әрекеті туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>бұл пән балабақшадағы педагогикалық процесс субъектілерінің өзара іс-қимылын ұйымдастырудың негізгі тетіктерін қарастырады, жаңаформаларды, әдістер мен технологияларды іздеу, мектепке дейінгі мекеме педагогының педагогикалық процесс субъектілерімен өзара іс-қимылын ұйымдастыру дағдыларын қалыптастырады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу керек:** мектепке дейінгі мекеме педагогының білім беру процесіне қатысушылармен жұмысының ерекшеліктерін; мектепке дейінгі балалармен және олардың ата-аналарымен қарым-қатынасының жұмыс түрлері; оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру үшін<br>**Іскерлік:** балаларды мектепке дейінгі білім беруде педагогке қажетті құжаттаманың әртүрлі түрлерін әзірлеу; алған білімдерін практикада қолдана білу<br>**Дағды**: мектепке дейінгі мекеме педагогының педагогикалық процесс субъектілерімен өзара әрекеттесуін ұйымдастырудың жаңа формаларын, әдістері мен технологияларын іздеу.<br>**Құзыреттер:** Арнайы құзыреттілік. |
| **8** | Мектепке психологиялық дайындық | 5 | Мектеп жасына дейінгі баланың психологиял ық- | Дарындылық педагогикасы және психологиясы | **Пәнді оқу мақсаты:** мектепке психологиялық дайындық пәнін оқытудың мақсаты - мектепте оқыту үдерісінде балалардың жеке және әлеуметтік бейімделуіне теориялық дайындау, тиімді психологиялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | педагогикалық диагностикасы | | қолдауға үйрету<br>**Пәннің қысқаша мазмұны**<br>Бұл пән баланың мектепке дайындығының негізгі түрлерін қарастырады (интеллектуалдық, мотивациялық, физикалық, тілдік, қарым - қатынасқа дайындық) және дамудың жаңа кезеңіне-оқу іс-әрекетіне көшу үшін баланың психикасының дайындығын қалыптастыруға бағытталған<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білуі керек:** тұлғаны психологиялық қолдаудың негізгі принциптерін; тұлға дамуының ерекшеліктерін; тұлға дамуындағы мәселелердің пайда болу себептерін; адамгершіліктік мінез – құлықтың моральдік негіздері мен нормаларын; мектеп жасына дейінгі кезеңдегі танымдық қызметтердің даму динамикасының заңдылықтарын; балаларды мектепке даярлаудың психологиялық негіздерін<br>**Іскерлік:** баланы мектепке даярлаудың негізгі мәселелерін талдау; мектеп жасына дейінгі балалар денсаулығының психологиялық аспектілері туралы теориялық білімдерді; мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мәселелерімен міндеттерін, мазмұнын бағалау; балалар дамуының жас ерекшеліктік нормаларына сәйкес жеке және біріккен іс –әрекетті ұйымдастыру; диагностиалық және түзету, дамыту міндеттерін шешуге мүмкіндік беретін бекітілген стандартты әдістер мен технологияларды қолдану<br>**Дағды**: психологиялық құбылыстармен процесстерді талдаудың әдістерімен тәсілдері; балалардың психикалық даму мәселесі бойынша педагогтар және ата-аналармен психологиялық ағарту жұмыстарын жүзеге асыру<br>**Құзыреттілігі:** Арнайы құзыреттілік. |
| **8** | Ойын психологиясы | 5 | | Дарынды балалармен жұмыс технологиясы | **Пәнді оқу мақсаты:** студенттердің м.ж.д. балаларды оқытудың ойын әдістемелерінің теориялық негіздері, мектеп жасына дейінгі балалардың ойын іс-әрекетін ұйымдастыру ерекшеліктері, психологиялық аспектілері туралы ғылыми түсініктерін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Балалар психологиясы бойынша практикум | | дамыту<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>Бұл пән ойынның ерекшеліктерін баланың толық психикалық дамуын, оның формаларын, түрлерін, ойын әрекетінің тиімділігінің психологиялық аспектілерін және оларды мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде қолдану ерекшеліктерін қамтамасыз ететін әмбебап, ерекше адам әрекеті ретінде қарастырады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу керек:** мектеп жасына дейінгі балалардың ойын іс - әрекетінің психологиялық негіздерін; ұйымдастыру ерекшеліктерін, түрлерін<br>**Іскерлік:** мектеп жасына дейінгі балалармен ойын түрлерін ұйымдастыру; оларға қойылатын талап, ережелерді сақтау<br>**Дағды:** мектеп жасына дейінгі балалардың ойын әрекетін ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерін қолдану<br>**Құзыреттілігі:** Арнайы құзыреттілік. |
| **9** | Педагогика тарихы | 6 | Педагогика | Мектепке дейінгі тәрбие мәселелері бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру | **Пәнді оқыту мақсаты:** тарихи-педагогикалық білім жүйесін қалыптастыру, тарихи заман мен халықтардың көрнекті ойшылдарымен танысу.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** бұл пән студенттерді ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі педагогикалық ғылымның дамуының теориялық негіздерімен, алдыңғы қатарлы педагогтар мен көрнекті ойшылдар ұсынған біліммен таныстырады; тәрбиенің теориясы мен практикасының дамуының тарихи заңдылықтарын түсінуге және анықтауға ықпал етеді. Көрнекті педагогтардың педагогикалық теорияларында қазіргі заман үшін өзекті және басты нәрсені бөліп көрсетуге үйретеді.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білуі тиіс:** ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін педагогикалық ғылымды дамытудың теориялық негіздері, педагогика ғылымының даму кезеңдері, жетекші ғалымдар мен педагогтардың педагогикалық қызметі.<br>**Іскерлік:** дереккөздерден қажетті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | ақпаратты алу, көрнекті мұғалімдердің педагогикалық теорияларындағы қазіргі заман үшін ең бастысы мен өзектілігін бөліп көрсету, алынған ақпараттың дұрыстығын сыни тұрғыдан бағалау.<br>**Дағды:** өткен және қазіргі заманғы дереккөздердің материалдарын пайдалана отырып, тарихи ретроспективаға талдау жүргізу, Тарихи-педагогикалық әдебиеттермен жұмыс істеу, тарихи-педагогикалық идеяларды өз бетінше бағалау қабілеттерін дамыту.<br>**Құзыреттер:** Жалпы кәсіптік құзіреттілік. |
| **9** | Ерте балалық жастағы педагогика | 6 | Педагогика | Педагогикалық зерттеудің теориясы мен әдістемесі | **Пәнді оқыту мақсаты:** ерте жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың теориялық – әдіснамалық негіздері, заңдылықтары, педагогикалық жүйелері мен технологиялары жайында ғылыми білім жүйесін қалыптастыру<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл пән өмірдің алғашқы 3 жылындағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ерекшеліктері мен заңдылықтарын зерттейді, балалардың дамуын кезең-кезеңмен қамтамасыз ету мәселелерін баяндайды, мектепке дейінгі мекемедегі әр түрлі іс-әрекеттерді жас балалардағы дамытудың негізгі аспектілерін қарастырады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу керек:** өмірдің алғашқы 3 жылындағы балаларды тәрбиелеу мен оқытудың ерекшеліктері мен заңдылықтарын білу<br>**Іскерлік:** балалардың дамуын кезең-кезеңмен қамтамасыз ету мәселелерін баяндай білу<br>**Дағды:** мектепке дейінгі мекемедегі әр түрлі іс-әрекеттерді жас балалардағы дамытудың негізгі аспектілерін анықтау<br>**Құзыреттер:** Арнайы құзыреттілік. |
| **10** | Дарындылық педагогикасы және психологиясы | 6 | Мектепке психологиялық дайындық | Мектепке дейінгі тәрбие мәселелері бойынша | **Пәнді оқыту мақсаты** Студенттерге дарынды балалармен психологиялық-педагогикалық жұмысының негіздерін теориялық тұрғыдан көрсетіп, тәжірибелік іскерліктерін дамыту.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** бұл пән студенттерді «дарындылық» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру | феноменімен, теориялық және әдіснамалық негіздермен таныстырады, осы түсініктің мәнін, оның түрлерін, психологиялық сипаттамаларын ашып көрсетеді, мектепке дейінгі мекеме педагогының дарынды категорияға жататын балалармен жұмысының ерекшеліктерін қарастырады.<br>**Курстың қысқаша мазмұны:** бұл пән студенттерді «дарындылық» феноменімен, теориялық және әдіснамалық негіздермен таныстырады, осы түсініктің мәнін, оның түрлерін, психологиялық сипаттамаларын ашып көрсетеді, мектепке дейінгі мекеме педагогының дарынды категорияға жататын балалармен жұмысының ерекшеліктерін қарастырады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу керек:** курстың тұжырымдамалық-категориялық аппараты; дарынды балалармен жұмыс негіздері; дарынды санатқа жататын балалардың психологиялық ерекшеліктері.<br>**Іскерлік:** дарынды балалармен жұмыс бағдарламаларын әзірлеу; баланың жеке басының дамуы туралы ақпараттарды жинау және түсіндіру; теориялық және әдіснамалық тәсілдерді талдау; ғылыми тұжырымдамаларды, нормативтік құжаттарды талдау.<br>**Дағды:** дарынды балалармен жұмыс жасауда тиісті іс-әрекет түрлерін; әдістері мен формаларын таңдай алу; балалармен, ата- аналармен, мұғалімдермен қарым-қатынас; мектепке дейінгі балалармен эмоционалды байланыс орнату; балалармен ынтымақтастық атмосферасын құру; балалардың дарындылық қабілеттерін арттыру жұмыстарын ұйымдастыру;теориялық білімді мектепке дейінгі мекемелер мен білім беру орындарының тәжірибесінде қолдану.<br>**Құзыреттілігі:** Жалпы кәсіптік құзіреттілік. |
| **10** | Дарынды балалармен жұмыс | 6 | Ойын психологияс | Педагогикалық зерттеудің теориясы мен әдістемесі | **Пәнді оқыту мақсаты:** дарындылық туралы жалпы түсінік, дарындылықтық критерийлері<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пән |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | технологиясы | | ы | | дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтың ата-аналармен, психологтармен тиімді өзара іс-әрекет технологиясын игеруге бағытталған, педагогтың дарынды балалармен бірлескен әрекеттегі қызметін ұйымдастырудың практикалық дағдылары мен іскерліктерін ашады, жас ерекшеліктерімен потенциалды мүмкіндіктерін ескере отырып дарынды балалармен бірлескен әрекетке даярлығын жүзеге асырады.<br>**Білу керек:** мектепке дейінгі мекемедегі дарынды балалармен психологиялық-педагогикалық жұмыс технологиясы.<br>**Іскерлік:** дарынды балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселелері бойынша педагогтың ата-аналармен, психологтармен тиімді өзара іс-қимыл жасау технологияларын қолдану; жас ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктерін және әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып, дарынды балалармен өзара іс-қимылды жүзеге асыру.<br>**Дағды:** оқыту және тәрбиелеу процесінде дарынды балаларға педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру және жүзеге асыру.<br>**Құзыреттілігі:** Арнайы құзыреттілік. |
| **11** | МДМ-дегі әдістемелік жұмыс | 5 | Отбасы педагогикасы және психологияс | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** мектепке дейінгі мекеме жұмысының тиімділігін қамтамасыз ететін әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарымен ұйымдастыру формаларымен, әдістерімен таныстыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:** Аталған пән мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын (тәрбие, дидактикалық, психологиялық, физиологиялық, техникалық және т.б.), әдістемелік жұмысты ұйымдастырудың формалары мен әдістерін, құжаттардың негізгі түрлерін, мектепке дейінгі мекеме педагогтарының біліктілігін арттыруды қарастырады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу керек:** мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмыстың түрлері, нысандары, негізгі бағыттары, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | аға тәрбиешінің әдістемелік жұмысының мазмұны; әдістемелік кабинеттердің функциялары, жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру.<br>**Іскерлік:** мектепке дейінгі мекемеде әдістемелік жұмысты жоспарлау, ұйымдастыру және орындау; әдістемелік жұмыстың жеке және топтық нысандарын ұйымдастыру; мектепке дейінгі білім беру мекемесінің әдістемелік кабинетінің қызметін бағалау.<br>**Дағды:** мектепке дейінгі мекеменің құжаттамасымен жұмыс; мектепке дейінгі мекемедегі әдістемелік жұмысты жоспарлау; мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі жұмыс.<br>**Құзыреттер:** Арнайы құзыреттілік. |
| **11** | МДМ-де білім беру үрдісін жобалау және мониторингі | 5 | Отбасылық өмірдің психологиясы мен этикасы | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** МДМ –де білім беру үдерісін жобалау және сараптаумен таныстыру<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>Бұл пән мектепке дейінгі мекемені басқару мазмұнын ашуға бағытталған. Білім беру жүйесін басқарудың негізгі теориялары мен тұжырымдамаларының мазмұны, басқарушылық қызметтің психологиялық аспектілері, принциптері мен механизмдері, сондай-ақ ұйымның және мектепке дейінгі мекеме басшысының жұмыс ерекшеліктері ашылады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білуі керек:** мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы білім беру процесін дамытудың қазіргі тенденциялары, білім берудегі инновациялық процестердің критерийлері, жаңа оқу бағдарламаларын жобалау және білім беру процесін ұйымдастырудың инновациялық әдістемелерін әзірлеу принциптері, қазақстандық білім беруді дамытудың қазіргі кезеңіндегі білім беру жүйелерін жобалаудың негізгі бағыттары.<br>**Іскерлік:** мектеп жасына дейінгі балаларды тиімді ынталандыру үшін жағдай жасау мақсатында білім беру жүйелерінің ресурстарын игеру және олардың дамуын жобалау; педагогикалық процеске инновациялық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | әдістерді енгізу.<br>**Дағды:** ақпараттық және коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, мектепке дейінгі білім беру мекемесіндегі сапа мониторингі жүйелерін жобалау және талдау.<br>**Құзыреттер:** Арнайы құзыреттілік. |
| **12** | Мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру және басқару | 5 | Қазіргі педагогикалық жүйелер | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру және басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздері, түрлері, білім беру үдерісін жоспарлау туралы ғылыми білімдерін толықтыру<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>Бұл пән мектепке дейінгі мекемені басқару мазмұнын ашуға бағытталған. Білім беру жүйесін басқарудың негізгі теориялары мен тұжырымдамаларының мазмұны, басқарушылық қызметтің психологиялық аспектілері, принциптері мен механизмдері, сондай-ақ ұйымның және мектепке дейінгі мекеме басшысының жұмыс ерекшеліктері ашылады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу тиіс:** мектепке дейінгі білім беруді ұйымдастыру мен басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздері; мектепке дейінгі ұйымдағы меңгерушінің, әдіскердің функциялары мен жұмыс әдістері; басқару қызметінің психологиялық аспектілері, принциптері мен тетіктері, сондай-ақ ұйым мен мектепке дейінгі мекеме басшысының жұмыс ерекшеліктері<br>**Іскерлік:** мектепке дейінгі мекемелер ұжымының жұмысын, педагогикалық қызмет процесінде басшылар мен тәрбиешілердің өзара іс-қимылын жоспарлау.<br>**Дағды:** тәрбиешілерге әдістемелік көмек көрсету, мектепке дейінгі мекемелерде тәрбие жұмысын басқару.<br>**Құзыреттер:** Арнайы құзыреттілік. |
| **12** | Мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен серіктестік | 5 | Мектепке дейінгі білім беруде инновациялар | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:**<br>мектеп жасына дейінгі мекеме мен отбасының біріккен іс-әрекет мәселелері бойынша студенттердің ғылыми-теориялық білім жүйесін қалыптастыру, кәсіби біліктері мен дағдыларын дамыту |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарым-қатынас | | | | **Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>Бұл пән отбасын психологиялық-педагогикалық қолдауды қамтамасыз ету және ата-аналардың (заңды өкілдердің) даму және білім беру, балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мәселелерінде құзыреттілігін арттыру мақсатында мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен жұмыс істеу ерекшеліктерімен таныстырады.<br>**Күтілетін нәтижелер:**<br>**Білу керек:** пәннің категориялық-тұжырымдамалық аппараты; мектепке дейінгі мекеме мен отбасының өзара іс-қимылының заманауи нысандары мен әдістері; мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктері; мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарымен өзара іс-қимыл және ынтымақтастық тәсілдері.<br>**Іскерлік:** мектеп жасына дейінгі баланың отбасымен тиімді жұмыс істеу; тәрбиешілердің, ата-аналардың және мектеп жасына дейінгі балалардың өзара әрекеттесу әдістерін талдау; ата-аналарға әдістемелік көмек көрсету; ата-аналарды мектепке дейінгі мекеменің қызметіне белсенді қатысуға тарту.<br>**Дағды:** отбасымен серіктестік қатынастарды ұйымдастыру; ата-аналарды мектепке дейінгі мекеме субъектілерімен серіктестікке тарту.<br>**Құзыреттер:** Арнайы құзыреттілік. |
| **13** | Әлеуметтік педагогика | 5 | Отбасы педагогикасы және психологияс | Өндірістік іс-тәжірибе | **Пәнді оқу мақсаты:** білім алушыларды таңдаған педагогикалық мамандықтың негізімен таныстыру, педагогикалық қызметте практикалық дағдыларды қалыптастыру.<br>**Пәннің қысқаша мазмұны:**<br>Бұл пән студенттерді әлеуметтік педагогиканың негіздерімен, оның пәнімен, мазмұнымен, принциптерімен, факторларымен, әлеуметтік – педагогикалық процестің кезеңдерімен, сондай-ақ жеке тұлғаның әлеуметтік даму ерекшеліктерімен, отбасы мен тәрбиенің жеке тұлғаны әлеуметтендіруге ықпалы, оқу – тәрбие мекемелерінің жас ұрпақты әлеуметтендіру бағытындағы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
